

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.102-104

## **АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

Ердан Б., студент  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Абай Құнанбайұлы – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор және қазақ халқының бас ақыны. Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаев 9 қаңтар 2020 жылы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абай тұлғасын ұлықтау мақсатында білім беру саласына бірнеше міндеттер жүктеген болатын.

Президент мақаласының өзегі – қазақтың дана тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасындағы адам мен қоғамның үйлесімді дамуы жөніндегі көзқарастары. Мақалада біздің мемлекетіміз бен ұлтымыздың жаңғыруына бірден-бір ба-стар жаңа жол ұсынылды. Бұл жол – ұлтымызды жаңғыртудың бірегей құбылысы ретінде Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы, оның ілгері көзқарастар жиынтығының алынуы.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол аныққаңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастауалды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көз деді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән берген іміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темір қазығына айналуы қажет.

«ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биік кеұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі» деп атап көрсетеді Қ.К.Тоқаев.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де,

халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларынашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», - деген сөздерінен- ак оның ақын мұрасының мәңгілік екендігін аңғартып тұр.

Абай атамыз қазақ халқының оқу білімге деген құштарлығын барыншаны ғай туға тырысты. «Ғылым таппай мақтанба» деген сөздерінен адам білімді игермей інше, биік белестерді бағындыра алмайтынын жеткізіп тұр.

Қазіргі дей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуін ен азар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көптілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардыңана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Сонымен қатар, Абай атамыз өзінің шығармаларында басты тақырып ретінде тілм әселесін алады. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей ана тілімізді асқақтатып, оның мәртебесін биік қою керекпіз. Қазіргі жастар неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым олардың көзқарасы кеңейе түседі. Бірақ та өз ана тілімізді ұмытпағанымыз жөн. Қазіргі таңда да тіл ол үлкен мәселе. Өйткені көп жастарымыз өз ана тілінде сөйлемейді. Басқа елдерге еліктеп, қазақ тілінде сөйлеуді мүлде қойды. Өз

ойларын айтқан кезде де, орыс тілінде жеткізгенді жөн көреді. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Өз ана тілімізде, дара тілімізде сөйлеуіміз қажет. Болашақ жастар қолында. Абай атамыз да өз өлеңдерінде осы мәселеге аса зор көңіл бөлген болатын.

«Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Қазір біз көп айтып жүрген эмо- ционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психология- дан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған» деп жаза- ды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Негізінен Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, Аздырар Адам баласын» сияқты өлең жолдары бәрімізге таныс. Яғни, Абай атамыз бізді еңбекке шақыруда. Егер де адам ерінбей еңбек етіп,» барлығына өз адал терімен жетсе, ізденсе және де алға ұмтылса онда ол бай адам есепті. ХХІ ғасырда, көп жастарымыз еңбектің оңай жолын іздейді. Арзан атақ үшін бәріне баруға дайын. Бұрынғы кездегідей ауыр жұмысты істегісі келмейді. Менің ойымша, маңдай термен еңбектің жемісі сінімді болады.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халықарманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Абай айтқан терең адам, толық адамды қалыптастыруда біз қаншалықты алысқа бара алдық дегенде, әрине кемшіліктің әлі де көп екенін байқаймыз. Біріншіден, халық бойындағы көп кемшілікті жойып болған жоқпыз, екіншіден, сол жоятын жүйені қалыптастырып та болмадық. Себебі бізде әлі де болса, адамдар арасында адал еңбекпен, ақыл-біліммен емес, түрлі теріс жолмен байлық мен билікке жету, көздеген мақсатын орындау көрініс тауып отырғаны жасырын емес.

Шығынданса да, шаршаса да кей адамдар «білгіш», «ақылды» деген атқа ие болу үшін пысықайлық жолға түсті, ал қоғам оған жиіркенішпен қараудың орнына оған төрін беретін психологияны орнықтырды.

Абай айтқан «бес дұшпан – өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ», бір-бірімен байланысып жатқан үлкен кемшілігіміз. Бұл кемшіліктерден арылғанымыз жоқ. Тіпті, жаңалана түскен: ас беріп, той өткізсек те, шынайылықтан гөрі, атаққұмарлыққа ауып кетеміз. Міне, көрдің бе, мені жомарт деп ойлаңдар дегендей, бір-бірінен асып түсуге тырысу, байлық арқылы өзіне имидж жасау етек алды.

Алға кеткен елдер өтірікке, коррупцияға, мақтаншақтыққа жол бермейді, сол қасиетінің арқасында ұлт болып ұйысып отыр. Олардан біздің ақыл-ойымыз немесе биологиялық жаратылысымыз кем емес. Олай болса, бүгінгі кемшіліктеріміз қайдан, қалай пайда болды? Мұндай кемшілік ұлт ретінде әлсіздік танытып алған кезде пайда болады.

Жас ұрпаққа не қылсаң да байып ал деген теріс мораль ұқтырамыз, жекелеген пысықайлардың жолы болғанымен, ұлт ретінде алға шыға алмайтынымызды ұғатын күнжетті. Абай ойынан қазіргі тіршілігімізді сараптап, өз қателігімізді жөндейтін, қоғам, ел, ұлт болып өмірге, білімге көзқарасымызды қалыптастыруымыз керек. Қазақстанның саяси, әлеуметтік, мәдени кеңістіктегі ахуалын пайымдағанда, алға шығамыз, биікке көтерілеміз деуге болатын шығар, алайда ол биікке көтерілу үшін Абай айтқан кемшіліктерді жойып алуымыз керек.

Қорытындылай келе, Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келеді: «Абай біздің ұлттық ұранымыз болуы керек, Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз». Мен Елбасы сөзімен келісемін. Расымен де Абай атамыздың болашақ ұрпаққа айтқан өсиет қара сөздері,» өлеңдері еш құндылығын жоймайды. Егер де соны әрбір қазақ өз жадындасақтап жүрсе, онда болашағымыз зор болады. Абай атамыздың өз өлеңдерінде айтқан мәселелері қазіргі ХХІ ғасырда да өзекті болып жатыр. Сол себепті

де, мен «ел боламдесең, Абайдан баста» дер едім.

### Қолданылған әдебиеттер

1 Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан//<https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

2 Есім Ғ. Хәкім Абай.-Алматы, «Атамұра», 1994

3 Elena K. Tabeikyna, Galina T. Kamalova, Elnur L. Hasanov, Kulyash V. Dzhumagaliyeva, Nurgul K. Demeuova The place of intelligentsia in socio-economic development of society: the creative perspective//The Creativity Studies 14(1), 2021. - P. 235-250.

4 Ыбыраев Ш. Бес дұшпан – үлкен кемшілігіміз//<https://aikyn.kz/11118/15867-abay-gaene/>